

## Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы

22 қыркүйек 2021ж

Атырау қаласы  
№11 Ы.Алтынсарин орта мектебі

### Қатысқандар:

- \* Мектеп әкімшілігі -13
- \* Әрбір сыныптың ата - аналар комитеті төрайымдары (төраға), мүшелері - 125

### Күн тәртібінде:

- Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен таныстыру.
- Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құрып, бекітуге ұсыну.
- Ата-аналар мен оқушылар үшін «Мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережесін» таныстыру.
- 2021-2022 оқу жылында «Мектепке жол акциясына» қатысып, аз қамтылған отбасы балаларына көмек жұмыстарын ұйымдастыру.

**Тыңдалды:** Мектеп директоры Ж.Ш.Умбеткалиева қамқоршылық кеңес отырысының күн тәртібімен таныстырды. 2021-2022 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен таныстыра отырып, жұмыс жоспарын құрып, бекітуге ұсыныс берді. Сонымен қатар «Мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережесі» талқыланды. Осы оқу жылында «Мектепке жол» акциясының ұйымдастырылуы басты мақсаттардың бірі екендігін жеткізді.

### Ата - ана: Ундасинова Ақжарқын

Мектебіміздегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына көмек көрсету, оларға қолдау жасау игі істердің бірі. Мектепте өтіп жатқан әртүрлі тәрбиелік шараларға балаларымыз үшін қолдау көрсету де ерен еңбектің бірі деп білемін. Мектебіміздегі түрлі шараларға қолдау көрсетіп жүрген мектебіміздің ата - аналар комитетінің төрайымы Ислямова Жұмагүл апайға алғыстарының шексіз екендігін жеткізді.

**Ата-ана: Қанатов Азамат** «Мектепке жол» акциясына бірауыздан демеушілік жасап, қолдау көрсетсек нұр үстіне нұр болар еді. Мүмкіндігімізше демеушілер қарастырып, жағдайы төмен отбасыларға көмек көрсетейік. Мектептің ішкі ережесімен бәрімізде таныспыз, балаларымыздың мектептің ішкі ережесін сақтауын қадағалап отыруымыз керек. Бала біздің болашағымыз, сондықтан да білімді де тәрбиелі ұрпақтың өсуіне бәріміз, яғни ата –аналар атсалысайық деген пікір білдірді.

**Сөз сөйлегендер:** Ислямова Жұмагүл Сағынғалиқызы қамқоршылық кеңесінің төрайымы.

Алдағы уақытта кеңестің жандануын қолға алу, бюджетті қалыптастыру бағытында демеушілерді іздейтінін, түскен қаржының мақсатты жұмсалыуына қадағалау жүргізуге, әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына көмек ұйымдастыру жұмыстары туралы ойларын ортаға салды.

### Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңесінің іс - шара жұмысы жасақталып, бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңесінің қабылданған шешімдері мектеп сайтында орналастырылсын.
3. «Мектепке жол акциясына» байланысты жұмыстар жүргізілуін қадағалау.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  
Хатшы:

 Ислямова Ж.С.  
 Сейтенова А.Ж.

## Қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс хаттамасы

24 желтоқсан 2021 ж

Атырау қаласы  
№11 Ы.Алтынсарин орта мектебі

### Қатысқандар:

- \* Мектеп әкімшілігі -5
- \* Қамқоршылық кеңесінің мүшелері - 9

### Күн тәртібінде:

- Қалалық білім бөлімі, Атырау облысы білім беру басқармасының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 03-04-01-12/3039 хатына сәйкес тәтті сыйлық алатын оқушылардың тізімін талаптарға сай ұйымдастыру.
- **Тыңдалды:**  
Қамқоршылық кеңестің төрайымы Ислямова Жұмагүл Қалалық білім бөлімі, Атырау облысы білім беру басқармасының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы №03-04-01-12/3039 хатына сәйкес жылда өтетін дәстүрлі әкім шыршасынан тәтті сыйлықтар алуға мектебімізден бала қатыстыруымыз керек екендігін және оның талаптарға сай, яғни көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасынан шыққан балалар болу қажет екендігін айтып өтті .
- **Сөйлеушілер:**  
Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Қанатов Азамат мектебімізде жоғарыда айтылған талаптарға сай балалардың көп екендігін, соның ішінде ата – анасының қамқорлығынсыз қалған – 2 оқушы, жалпы әлеуметтік жағдайы төмен 77 оқушы бар екендігін білеміз. Енді осылардың ішінен қала әкімінің тәтті сыйлығын алуға лайықты баланы талапқа сай таңдап ұсынуымыз қажет.

**Сейтенова Ақкүн – әлеуметтік педагог:** Біздің мектебімізде жалпы көп балалы, аз қамтылған , мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған, толық емес отбасынан шыққан, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған, жартылай жетім қалған балалар - 77 оқушы . Осы уақытқа дейін жаңа жылдық шыршаның тәтті сыйлығын алмаған оқушыларды қатыстырсақ деген ұсынысым бар. Себебі осыған дейін шыршаға және сыйлықтарға ие болған оқушыларды қайта тіркегеніміз дұрыс болар деп ойлаймын.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы , кеңес мүшелері және мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педагог Сейтенова Ақкүннің ұсынысын дұрыс, талапқа сай шешім деп қабылдап, 10 оқушыны тізімге тіркеуге қолдау көрсетті.  
Әрі қарай да қамқоршылық кеңес мүшелері мен мектеп әкімшілігі ынтымақтастықпен жұмыс жасауға , балаларға көрсетіліп жатқан қамқорлықтары үшін ризашылығын білдірді.

### Қаулы:

1. Қалалық білім бөлімі, Атырау облысы білім беру басқармасының 2021 жылдың 24 желтоқсандағы №03-04-01-12/3039 хатына сәйкес мектептен әкім шыршасының тәтті сыйлығын алуға 10 оқушы қамтылсын.
2. Мектептен тәтті сыйлығын алу жөнінде сұраныс беру және оны уақытында белгіленген жерге жеткізу Әлеуметтік педагог А.Сейтеноваға міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Ислямова Ж.С

Хатшы:

Сейтенова А.Ж

## Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы

28 қыркүйек 2020ж

Атырау қаласы  
№11 Ы.Алтынсарин орта мектебі

### Қатысқандар:

- \* Мектеп әкімшілігі -12
- \* Әрбір сыныптың ата - аналар комитеті төрайымдары (төраға), мүшелері - 100

### Күн тәртібінде:

- Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен таныстыру.
- Қамқоршылық кеңес мүшелерін сайлап, міндеттерімен таныстыру.
- Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құрып, бекітуге ұсыну.

### Тыңдалды:

Мектеп директоры Ж.Ш.Умбеткалиева қамқоршылық кеңес отырысының күн тәртібімен таныстырып, 2020-2021 оқу жылында қамқоршылық кеңесін құру нұсқаулығымен таныстыру және қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен мүшелерін сайлау туралы айтып өтті. Сонымен бірге сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстырды. Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді:

- Жергілікті өкілдік, атқарушы және құқықтық қорғау органдарының өкілдері;
- Жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;
- Коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);
- Ата аналар комитеті ұсынған әрбір параллель сыныптан, курстан сол білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата - анасы немесе заңды өкілі;
- Қайырымдылық жасаушылар (бар болса);

Қағидалар «Білім туралы» 2007 ж 29 шілдедегі ҚР заңының 44 - бабының 9 – тармағына сай әзірленген білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата - аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайтыны тоқталды.

### Сөз сөйлегендер :

**Ата - ана: Қанатов Азамат**

Қамқоршылық кеңесінің құрылуы мектебіміздегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына көмек көрсету, оларға қолдау жасаудың бастамасы. Мектепте өтіп жатқан әртүрлі тәрбиелік шараларға балаларымыз үшін қолдау көрсету де бір ерен еңбектің бірі деп білемін. Мектебіміздегі түрлі шараларға қолдау көрсетіп жүрген мектебіміздің ата - аналар комитетінің төрайымы Ислямова Жұмагүл апайды осы қамқоршылық кеңесінің төрайымы етіп қайта сайлауға бірауыздан ұсыныс білдірсек деген ойым бар.

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің құрамы сайланып, төрайымы бекітілді.

**Ислямова Жұмагүл Сағынғалиқызы** - қамқоршылық кеңесінің төрайымы

**Шарипова Зарина** - қамқоршылық кеңесінің орынбасары

**Қаржауова Орынтай** - мүше

**Тулегенова Самал** - мүше

**Уидасинова Ақжарқын** - мүше

**Қанатов Азамат** - мүше

**Жексенғалиева Гаухар** - мүше

Бекешов Рахметолла - мүше  
Жамбылов Маркс - мүше

Сөз сөйлегендер:

**Ислямова Жұмагүл Сағынғалиқызы - қамқоршылық кеңесінің төрайымы**

Алдағы уақытта қамқоршылық кеңестің жандануын қолға алу, бюджетті қалыптастыру бағытында демеушілерді іздейтінін, түскен қаржының мақсатты жұмсалыуына қадағалау жүргізуге, әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына көмек ұйымдастыру жұмыстары туралы ойларын ортаға салды.

**Қаулы:**

1. Қамқоршылық кеңестің құрамы бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңесінің іс - шара жұмысы жасақталып, бекітілсін.
3. Қамқоршылық кеңесінің қабылданған шешімдері мектеп сайтында орналастырылсын.

**Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:**

**Хатшы:**

Қаржауова Орынтай - мүше  
Түлегенова Самал - мүше  
Ундасинова Ақжарқын - мүше  
Қанатов Азамат - мүше  
Жексенғалиева Гаухар - мүше  
Бекешов Рахметолла - мүше  
Жамбылов Маркс - мүше

 **Ислямова Ж.С.**  
 **Сейтенова А.Ж.**

## Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы

4 маусым 2021ж

Атырау қаласы  
№11 Ы.Алтынсарин орта мектебі

### Қатысқандар:

\* Қамқоршылық кеңес мүшелері – 9, мектеп директоры, хатшы.

### Күн тәртібінде:

Жалпы білім беру қорынан бөлінген қаражаттың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балаларына қаржылай немесе киім – кешек, оқу құралдарымен көмек көрсету үшін мақсатты жұмсалғаны туралы қорытынды есеп беру.

Тыңдалды: Мектеп директоры Ж.Ш.Умбеткалиева

**Жалпы білім беретін №11 Ы.Алтынсарин орта мектеп бойынша тұлдыр жетім, жартылай жетім, көп балалы, аз қамтылған санатындағы отбасыларына көмек көрсету бойынша 2020-2021 оқу жылында атқарылған жұмыстары туралы мәліметі**

Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары жасалынып, жоспар бойынша іс-шаралар атқарылды. Биылғы оқу жылының эпидемиологиялық ахуалға байланысты қашықтықтан оқытуда ата-аналардың өтінішімен оқушылар қайтарымды компьютермен, ноутбукпен, паланшетпен қамтылды. Сонымен бірге 163 оқушыға қаржылай көмек көрсетілді. Интернеттік желіні қажет ететін 35 оқушы роутермен қамтылды. Жалпы мектеп бойынша қыркүйек айында 95 оқушы тізімге алынды. Соның ішінде 2 оқушы тұлдыр жетім, 13 оқушы жартылай жетім, 25 оқушы көп балалы, 28 аз қамтылған отбасы балалары.

Дәстүрлі өтіп жүрген «Мектепке жол», «Қамқорлық» акция барысында көмекті қажет ететін оқушыларымыз спорттық киіммен қамтылды.

Жаңа жылдық шыршаға байланысты 15 оқушы тәтті сыйлықтар алды. Ерекше қабілетті 6 оқушылардың отбасындағы бала санына да тәтті сыйлықтар мен ойыншықтар берілді. Қашықтықтан оқытуға байланысты наурыз айына дейін ыстық тамақ берілген жоқ. Наурыз айының 1-інен бастап көп балалы, аз қамтылған отбасы балаларына ыстық тамақ берілді. Ыстық тамақпен қамтып отырған жеке кәсіпкер Н.М.Жидкова. Бастауыш сынып бойынша 1-4 арасында 383 оқушы, 5-11 сыныптар бойынша ата-ананың өтінішімен оқушылар ыстық тамақпен қамтылды. Мектеп сайтында материалдар жүктеліп отырады. Осы оқу жылында көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасы балаларының тізімі бойынша жылына 2 рет оқушылардың тұрмыстық – әлеуметтік жағдайын зерттеу жұмысы жүргізілді. Зерттеу жұмысы барысында келеңсіз жағдайлар тіркелген жоқ.

Ата-аналар тарапынан да балаларына қолдау көрсетіліп, жағдайларын жақсарту мақсатында жұмыстанып жүргені анықталды. Сынып жетекшілерімен үнемі байланыстамын. Сабактан қалмау, кешікпеу, берілген тапсырмаларды уақтылы орындау бәрі де қадағаланып отырды.

Атырау қаласы білім бөлімі, Облыстық білім беру басқармасының 2021 жылдың 30 сәуірдегі №15-4-8/1495 санды хаты негізінде №11 Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте «Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық – зомбылықтың алдын алу туралы» жұмыстар психологтармен бірлесе отырып жүргізілді. Балаларға қатысты зорлық – зомбылықтың алдын алу туралы «Зорлық – зомбылық туралы мен не ойлаймын?» тақырыбында 7-10 сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізіліп

қорытындыланды. Мектеп оқушыларына психологиялық диагностика және психологиялық кеңес жұмыстары жүргізілді.

-Оқушыларға жүргізілген диагностикалық жұмыс нәтижелерін сынып жетекшілерге таныстырылды.

-Халықпен, кәмелетке толмағандармен зорлық құрбандарымен ақпараттық- түсіндіру, мәдени-ағарту жұмыстары жүргізілді.

- ПО-ның есебінде «қолайсыз отбасы», «маскүнем» санаттарымен есепке тұрған, қажет болған жағдайда өгей әке мен ананың тәрбиесіндегі балалардың жоқ екенін мәлімдейміз.

-Тәрбиеленушілердің өмірін қорғауды, қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, оқушының қиындығы мен проблемаларына, тәртібіндегі ауытқулары анықталмағанын мәлімдейміз.

-Оқушылардың сабаққа қатысуы күнделікті бақылауда болды.

-Себебі сабаққа қатыспаған оқушы болған жоқ.

Жасөспірімдердің жыныстық ағарту деңгейін арттыруға бағытталған кәсіптік білім беру мекемелерімен мектеп оқушылары арасында офлайн форматта кездесулер ұйымдастырылды.

Жазғы демалыс уақытында мектебіміздегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан 30 оқушы, оның ішінде көп балалы, тұлдыр жетім, жартылай жетім отбасы балалары мектепшілік лагерьге қабылданды және де Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Ақсукеңт селосындағы «Болашақ» жазғы тынығу лагеріне 4 оқушы жіберіледі.

#### Сөз сөйлегендер:

Ислямова Жұмагүл Сағынғалиқызы қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Аталған оқу жылдарындағы атқарылған жұмыстар жөнінде мәлімет жасаған мектеп директоры Ж.Ш.Умбеткалиеваның қорытынды есебін тыңдадық. Әрбір оқушыға жағдай жасап, көмек қолын созу біздің тарапымыздан болатын жайт. Сондықтан да осы атқарылған жұмыстарды қанағаттанарлық деп есептеймін.

#### Қаулы:

Қамқоршылық кеңесі төрайымы:

Ислямова Ж

Хатшы:



Сейтенова А

## Қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс хаттамасы

3 желтоқсан 2020 ж

Атырау қаласы  
№11 Ы.Алтынсарин орта мектебі

### Қатысқандар:

- \* Мектеп әкімшілігі - 5
- \* Қамқоршылық кеңесінің мүшелері - 9

### Күн тәртібінде:

- Қалалық білім бөлімі, Атырау облысы білім беру басқармасының 2020 жылғы 2 желтоқсандағы №03-04-01-12/2650 хатына сәйкес тәтті сыйлық алатын оқушылардың тізімін талаптарға сай ұйымдастыру.
- **Тыңдалды:**  
Қамқоршылық кеңестің төрайымы Ислямова Жұмагүл Қалалық білім бөлімі, Атырау облысы білім беру басқармасының 2020 жылғы 2 желтоқсандағы №03-04-01-12/2650 хатына сәйкес жылда өтетін дәстүрлі әкім шыршасынан тәтті сыйлықтар алуға мектебімізден бала қатыстыруымыз керек екендігін және оның талаптарға сай, яғни көп балалы, аз қамтылған, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған, толық емес отбасынан шыққан балалар болу қажет екендігін айтып өтті .
- **Сөйлеушілер:**  
Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Қаржауова Орынтай мектебімізде жоғарыда айтылған талаптарға сай балалардың көп екендігін, соның ішінде ата – анасының қамқорлығынсыз қалған – 2 оқушы, жалпы әлеуметтік жағдайы төмен 93 оқушы бар екендігін білеміз. Енді осылардың ішінен қала әкімінің тәтті сыйлығын алуға лайықты баланы талапқа сай таңдап ұсынуымыз қажет.

**Сейтенова Ақкүн – әлеуметтік педагог:** Біздің мектебімізде жалпы көп балалы, аз қамтылған , мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған, толық емес отбасынан шыққан, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған, жартылай жетім қалған балалар - 95 оқушы . Осы оқушылардың ішінен 15 оқушыны қатыстырсақ, яғни биылғы оқу жылында тіркелген оқушыларды қатыстырсақ деген ұсынысым бар. Себебі осыған дейін шыршаға және сыйлықтарға ие болған оқушыларды қайта тіркемегеніміз дұрыс болар деп ойлаймын.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы , кеңес мүшелері және мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педагог Сейтенова Ақкүннің ұсынысын дұрыс, талапқа сай шешім деп қабылдап, бірауыздан 15 оқушыны тізімге тіркеуге қолдау көрсетті. Әрі қарай да қамқоршылық кеңес мүшелері мен мектеп әкімшілігі ынтымақтастықпен жұмыс жасауға , балаларға көрсетіліп жатқан қамқорлықтары үшін ризашылығын білдірді.

### Қаулы:

1. Қалалық білім бөлімі, Атырау облысы білім беру басқармасының 2020 жылдың 2 желтоқсандағы №03-04-01-12/2650 хатына сәйкес мектептен әкім шыршасының тәтті сыйлығын алуға 15 оқушы қамтылсын.
2. Мектептен тәтті сыйлығын алу жөнінде сұраныс беру және оны уақытында белгіленген жерге жеткізу Әлеуметтік педагог А.Сейтеноваға міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  Ислямова Ж.С

Хатшы:  Сейтенова А.Ж